

Зерттеу (сынау) және өлшеу қағидаларын, соның ішінде Кеден одағының "Қаптаманың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 005/2011) техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № 2 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне №2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы №12 шешімімен бекітілген Зерттеу (сынау) және өлшеу қағидаларын, соның ішінде Кеден одағының "Қаптаманың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 005/2011) техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі мынадай мазмұндағы 86¹ және 86² позицияларымен толықтырылсын:

"

86 ¹		МВИ.МН 6309-2020 "Су және ауа орталарында поликарбонаттан жасалған бұйымдардан бөлінетін хлорбензолдың массалық концентрациясы. Газ хроматографиясы әдісімен өлшеулерді орындау әдістемесі" (атте статтау туралы куәлік № ВУ 00120 - 29.10.2020).)	2022.01.06 бастап тиісті мемлекет-аралық стандарт әзірленгенге және оны осы тізбеге кірістіргенге дейін қолданылады
	5-баптың 4 және 5-тармақтары	KZ.A. 01. 0602 "Массалық шоғырлану бірлігінде, полистиролдан және стирол сополимерлерінен	2022.01.06 бастап тиісті мемлекет-аралық

86 ²	жасалған бұйымдардағы бутадиеннің су және ауа орталарында көрсетілген миграциясы деңгейін өлшеуді орындау әдістемесі" (2020 жылғы 22.10 аттестаттау туралы куәлік № 168)	стандарт әзірленгенге және оны осы тізбеге кірістіргенге дейін қолданылады
-----------------	--	--

".

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

М. Мясникович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК